



# Enbekshikazak

www.mezet.kz

enkaz@mail.ru



Еңбекшіқазақ аудандық қоғамдық-саяси апталық • Еңбекшиказахский районный общественно-политический еженедельник

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 10 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

№28 (7227)

11.07.2025.

## Астана күнінен

### Арман қала – Астана



Өткен аптада еліміздің мақтанышы Астана қаласының туған күні мерекеленді. Биылғы жылы бұл мереке ұзағырақ тойланды. Олай дейтініміз, қазақстандықтар үш күн қатарынан демалды. Оған қоса, бас қала күніне орай мәдени бағдарламаның да неше түрі ұйымдастырылып, жаңа қоғамдық орындардың ашылуы да мерекеге орайластырылған.

2000-жылдардың басынан бері Астана Қазақстанның визит картасына айнала бастады. Сәулеті көз сүріндіретін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтеріп, халықаралық саммиттер мен мәдени іс-шаралар өтетін орталыққа айналды.

«Еңбекшіқазақ» газетіне



ғана еді. Сол ірі баспаға иек артқан кандидаттың үгіт-насихаты шала болғандықтан депутаттыққа өте алмай қалып еді.

Бұл шағын прессының жергілікті маңыздылығының жарқын мысалы. Сонау өткен ғасырдың отызыншы жылы 10-ші шілдеде шыға бастаған алдымен «Үлгілі колхоз» кейіннен «Еңбек жалыны»

соғысына қатысып, ерлікпен қаза тапқаны белгілі.

Содан бергідегі ғасырға жуық «ғұмырында» газет редакциясы ел басына түскен тағдырлық оқиғалардың куәсі ғана болып қоймай «тасқа басып» мұрағаттарға қосып келеді. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан қиын кезеңдерде де газет үзбей шығарылып, фашизммен шайқасқа қатысушылар жайында, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтушы тыл еңбеккерлері хақында жарияланымдарды жарыққа шығарып отырды. Газет редакциясының басынан өтіп келе жатқан оқиғалардың ең ірісінің бірі және елеулісі еліміз егемендік алып, мемлекеттігіміздің атрибуттарын конституциясын, рәміздерін (ту, герб, гимн) қабылдап, шекарасын шегендеу кезіндегі кезеңдер. Бұл оқиғалар газет назарынан тыс қалмай жан-жақты жарияланып отырды.

Тәуелсіздік алған елімізде көп жылдар бойы атом қаруын сынау аймағы болып келген Семей полигонын жабу бүкіл халықтық қозғалысы хақындағы материалдар үзбей жарияланып, оның жалғасы ретінде әлемдегі 5 ядролық қару сынау полигондарын жабуды талап еткен қозғалысқа ұласты. Осы жолдар авторы көрші Қытай халық республикасындағы «Семей-Невада» қозғалысының Еңбекшіқазақ, Шелек аудандарының аумағында «Лобнор» бөлімшесін құруға көптеген митинглер, жаяу шерулер ұйымдастыруға қатысқан болатын. Бүгінгі 11 шілдеде шығарылып отырған осы аңдатпа ретіндегі мақаланың мақсаты – 95 жылдық газет тарихын ғана емес аудан, облысымыздың аумағында, елімізде болып жатқан оң өзгерістер мен қиындық кезеңдер жайлы баяндау. Сонымен қатар әр салада, оның ішінде газет редакциясында қызмет еткен адамдарды атау, еңбектерін бағалау.

Хайролла АХМЕТЖАНОВ газеттің бас редакторы. (Жалғасы 2-бетте)

## Бокстан Әлем кубогі



30 маусым күні Астана қаласында бокстан Әлем кубогі басталған болатын. Аталған былғары қолғап жарысы 6 шілде күні мәресіне жетті. Ақтық сайысты тамашалауға мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы да қатысып, спортшыларымызға тілектестігін білдірді.



Байрақты бәсекеге 29 мемлекеттен 300-ге жуық боксшы бақ сынасты. Қазақстандық 16 боксшы жүлдегер атанды. Ел қоржынында 8 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль бар. Әйелдер арасында Назым Қызыбай, Виктория Графеева, Наталья Богданова I орынға ие болса, ерлерден Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Сабыржан Аққалқұлов, Бекзат Нұрдеулетов және Айбек Оралбай жеңіске жетті.

Бұл рейтингтік жарыс. Яғни спортшыларымыздың жинаған ұпайлары олимпиадаға жолдама алуға әсер етеді.

## Коммуналдық қызмет тарифтері қымбаттамайды



Үкімет елдегі кейбір коммуналдық қызмет тарифтерінің қымбаттауын кейінге шегерді. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Министрлер кабинеті ақылы қызметтер биылдың бірінші жартысында инфляцияның өсуіне негізгі себеп болғанын атап өтті. Инфляция 16,1% болды.

«Осыған байланысты коммуналдық қызмет тарифтерінің өсу қарқынын қайта қарау туралы шешім қабылданды. Олардың бір бөлігінің қымбаттауы кейінге қалдырылады. Бұл азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтып, инфляция деңгейін тұрақтандыруға көмектеседі», – делінген хабарламада.

## Еңбекшіқазақ-2025

Құрметті оқырмандар!

Аудан жаңалықтарының жаршысы «Еңбекшіқазақ» газетіне 2025 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке барлық пошта бөлімшелерінде жазылуға болады. Газет индексі 66541.

Уважаемые читатели!

Идет подписка на газету «Еңбекшіқазақ» на 2025 год. Подписку вы можете оформить в любом отделении почты. Подписной индекс 66541.



Тәжірибе—

ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖАУЫНГ

Аудандық қалалық газеттерді кіші медиаға жатқызады. Бірақ сол шағын газеттер шығатын аумағында басқа ақпарат көздеріне қарағанда басым таралымға ие. Мәжіліс депутаттығына бір мандатты сайлау округінен үміткер кандидат редакциямызға бас сұғып үгіт-насихат жолдарын түсіндіріп беруді өтініп еді – бірден өзіміздің аудандық «Еңбекшіқазақ» газетін ұсындым. Өйткені кандидат өзіне берген мүмкіндіктерді пайдаланып ол кезде он мыңға жуық тиражы бар газетте жарық көрген өмір жолы мен бағдарламасын кемінде жиырма мың сайлаушы танысар еді. Ол кандидат аудан газетін місе тұтпай беделді орталық газетке берген екен сайлауалды үгіт-насихаттың жарияланымдарын. Бірақ бұл газеттің аудан, яғни сайлау округі бойынша таралымы саусақпен санарлықтай

тағы басқа аттары бар бүгінгі «Еңбекшіқазақ» газетіне 95 жыл толып отыр. 1928 жылы орталығы Қаракемер ауылына бекітіліп «Еңбекшіқазақ» ауданы құрылған болатын. Көптеген оқырмандарымыз ауданға бұл атты кім берді? – деген сұрақтар қояды. Ол кезде ел астанасы Алматыда болған еді де «Еңбекшіқазақ» республикалық газеті шығарылатын. Жаңа құрылған ауданның алғашқы қадамдарына көмек беруге осы «Еңбекшіқазақ» газетінен (бүгінгі Егемен Қазақстан) шефтік көмек көрсетуге редакция қызметкері Аманғали Сегізбаев жіберілді. Журналист ақын, сауатты азамат А.Сегізбаев жаңа аудан құруға атсалысып қана қоймай, осы ауданның баспасөз құралын – газет редакциясын, баспаханасын жабдықтауға көмектескен екен. Аманғали ақын Сегізбаев Ұлы Отан